

Ленгер қаласы М.Бишимбаева көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы әкімінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 22 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде № 3133 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы әкімінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 38 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы әкімінің 26.05.2015 № 38 шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Төлеби аудандық аумақтық инспекциясының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 01-13/49 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ленгер қаласы, М.Бишимбаева көшесінің № 76 үй тұрғыны С.Халыбековтың итінің құтырма ауруымен ауруына байланысты М.Бишимбаева көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ленгер қаласы әкімінің орынбасары Қ.Татыбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ленгер қаласы әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

Б.Ешімбетов